

Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 258 бұйрығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 117-бабының 3-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) 31.12.2025 қоса алғанда қолданыста болды – осы бұйрықтың 3-тармағымен.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – осы бұйрықтың 3-тармағымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте, осы бұйрықтың 1-тармағының екінші абзацы 2025 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 28 мамырдағы
№ 258 бұйрығына
1-қосымша

2025 қаржы жылына арналған бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары

Ескерту. 1-қосымша 31.12.2025 қоса алғанда қолданыста болды – осы бұйрықтың 3-тармағымен.

Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 117-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бюджеттік есепке алуды жүргізудің тәртібін анықтайды.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, мемлекеттік қазынашылық және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары (бұдан әрі – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар) осы Қағидаларға сәйкес бюджеттік есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады.

Бюджеттік есепке алу – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен реттелген, кассалық негізде бірыңғай қазынашылық шотынан және мемлекеттік мекемелердің шоттарынан операциялар туралы ақшалай мәндегі ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың реттелген жүйесі.

Бірыңғай қазынашылық шоты қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы ақша қалдықтарын қамтиды.

Бюджеттік есепке алу шоттар жоспарына сәйкес шоттарда операциялар қосарланған жазба тәсілімен көрсетілетін, кассалық негізде жүзеге асырылатын бюджеттердің атқарылуын есепке алуды білдіреді. Бюджеттік есепке алу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

Бюджеттік есепке алу бюджетке түсетін түсімдерді, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыруды, бюджет тапшылығын қаржыландыруды (бюджет профицитін пайдалануды) қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін орындаумен және республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдерді есепке жатқызумен және республикалық және жергілікті бюджеттерден шығыстарды жүргізумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қаражатының қозғалысымен байланысты барлық операцияларды қамтиды және бюджеттің атқарылуы кезіндегі оның жай-күйін сипаттауды қамтамасыз етеді.

Бюджеттік есепке алу деректері бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілік жасаудың негізі болып табылады.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы бюджеттік есепке алуды дұрыс жүргізу үшін қажетті жағдайларды жасайды, бюджетті атқару жөніндегі

уәкілетті органның бюджеттік есепке алу құрылымдық бөлімшесі бюджетті атқару жөніндегі бюджеттік есепке алуды жүргізу, құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін ресімдеу және беру тәртібі бөлігінде осы Қағидаларда көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

2. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы өз жұмысында осы Қағидаларды басшылыққа алады.

3. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы бақылауды жүзеге асырады және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын бюджетті атқару жөніндегі барлық операцияларының бюджеттік есепке алу шоттарында көрсетілуін, бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің жасалуын қамтамасыз етеді.

4. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына қайшы келетін және қаржылық тәртіпті бұзатын операциялар бойынша құжаттарды орындауға және ресімдеуге қабылдамайды.

5. Бюджеттік есепке алуды жүргізу кезінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы бюджеттік есепке алу бойынша тиісті құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері үшін қызметтік міндеттерді анықтайды және олардың орындалуына бақылауды қамтамасыз етеді.

2-тарау. Есепке алу құжаттары

6. Мемлекеттік қазынашылық органдары Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – электрондық құжат айналымы) арқылы беретін бюджеттік есепке алу құжаттары Қазынашылықтың интеграцияланған цифрлық жүйесі арқылы электрондық түрде қалыптастырылады, Мемлекеттік қазынашылық органдары мен бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың электрондық цифрлық қолтаңбаларымен куәландырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.06.2026 № 391 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Бюджет кодексінің 101-бабының 8-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын Бюджеттің қазынашылық атқарылуы рәсімдерін және оларға кассалық қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, мемлекеттік қазынашылық органдарының ұсынған бастапқы есепке алу құжаттарын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы айналымдар мен қалдықтардың көрсетілуінің дұрыстығы тұрғысынан тексереді, содан кейін орындауға және есепке алуға қабылдайды.

8. Жергілікті бюджеттердің атқарылуын күнделікті есепке алу үшін мемлекеттік қазынашылық органдары бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға электрондық құжат айналымы арқылы тиісті жергілікті бюджет бойынша жиынтықта 5-34А "Ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық қолдау және мемлекеттік сатып алу операторларының қолма-қол ақшасын бақылау шоттарындағы қалдықтар туралы есеп" нысаны бойынша есептерді ұсынады.

9. Жергілікті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар 2-19, 5-20, 5-34, 5-34А, 5-52 есептілік нысандары бойынша бір күндегі айналымдарды салыстыруды жүзеге асырады:

5-34, 5-34А нысандары бойынша есептің "Кіріс қалдық", "Дебет", "Кредит", "Шығыс қалдық" бағандары бойынша "Жиыны" жолының бір күндегі жалпы сомасы 5-20 нысаны бойынша есептің "Дебет", "Кредит" бағандары бойынша "Кіріс қалдық", "Шығыс қалдық", "Жиыны" жолдарының бір күндегі жалпы сомасына тең болуға тиіс;

5-20 нысаны бойынша есептің "Дебет" бағаны бойынша "Кірістерді бөлу" жолы мен "Кредит" бағаны бойынша "Кірістерді бөлу" жолының сомалары арасындағы айырманың бір күндегі сомасы 2-19 нысаны бойынша есептің осы бюджеттің бір күндегі түсімдерінің сомасын көрсететін бағандағы тиісті бюджет жолындағы сомаға тең болуға тиіс;

тиісті бюджет бойынша 5-34 нысаны бойынша есептің "Шығыс қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолының сомасы 2-19 нысаны бойынша есептің тиісті бюджеттің (тиісті бюджеттің жыл басынан бастап түсімдері) бағаны бойынша "Жиыны" жолының сомасы мен 5-52 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысаны бойынша есептің "Жыл басынан бастап шығыстар" бағаны бойынша "Есеп бойынша барлығы" жолының сомасы айырмасының сомасына тең;

5-34 нысаны бойынша есептің "Кіріс қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолының бір күндегі сомасы алдыңғы операциялық күннің 5-34 нысаны бойынша есептің "Шығыс қалдық" бағаны бойынша "Жиыны" жолының сомасына сәйкес келуі тиіс.

3-тарау. Бюджеттің атқарылуын есепке алу тіркелімдері

10. Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу мынадай есепке алу тіркелімдерінде жүргізіледі:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бас-журнал" кітабы;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірыңғай қазынашылық шоты бойынша мемориалдық ордер;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемориалдық ордер;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттардың толық жазылуы (ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың,

нысаналы қаржыландырудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор), Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, Арнаулы мемлекеттік қордың, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық қолдау операторларының, мемлекеттік сатып алу, пилоттық жобаны іске асыру бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, дербес білім беру ұйымдарының, бюджеттік кредиттердің, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын, анықтауға дейінгі сомалар шоттарын, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотын есепке алуға арналған);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірыңғай қазынашылық шотынан депозиттерге орналастырылған сомалардың толық жазылуы;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттің түсімдері мен шығыстары бойынша толық жазылуы;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес № 1 нысан бойынша мемлекеттік қазынашылық балансы;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес № 1-М нысан бойынша жергілікті бюджеттің атқарылу балансы;

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес № 2 нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес № 3 нысан бойынша мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш, мемлекет кепілгерліктері бойынша борыш туралы есеп;

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес № 4 нысан бойынша Мемлекеттік сыртқы қарыздар және байланысты гранттар бойынша есеп;

осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің жұмсалуды жөніндегі ақпарат;

осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің аккредитивтер сомаларын есепке алу үшін шоттардағы қалдықтар туралы мәліметтер;

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес № 5 нысан бойынша шетел валютасындағы шоттар бойынша операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес № 2-М нысан бойынша жергілікті бюджеттің ақша қозғалысы туралы есеп;

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетел валютасындағы шоттар бойынша толық жазылуы;

осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазынашылықтың интеграцияланған цифрлық жүйесінде операциялық күннің жабылуы туралы есеп;

осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық жобалар шегінде сыртқы қарыздар және байланысты гранттар қаражатының жұмсалуды жөніндегі ақпарат;

осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шотынан Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінде (бұдан әрі – Ұлттық банк), Ұлттық почта операторында және (немесе) екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған уақытша бос бюджет ақшасы (депозиттер) бойынша анықтама;

осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттен берілген кредиттер бойынша ақпарат.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 10.06.2026 № 391 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қазынашылық үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын есепке алуға арналған бастапқы құжаттар құрылымдық бөлімшелердің осы Қағидаларға 10, 11, 12, 13, 14 және 17-қосымшаларға сәйкес есептері болып табылады.

Есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттар барлық операциялар бойынша алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемориалдық ордерлермен ресімделеді, оған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қояды. Сыртқы қарыздар бойынша есепке алу операциялар жасалуына қарай жүзеге асырылады.

Бастапқы құжаттардағы жазбалар оларда жазбалардың ұзақ уақыт бойы сақталуын қамтамасыз ететін жазба құралдарымен ғана жүргізілуі тиіс.

Мемориалдық ордерлер есепке алу тіркелімдеріне жазылғанға дейін әрбір ай үшін жеке тізбектік тәртіппен бірінші нөмірден бастап нөмірленеді.

Толық жазулар, ақшаны депозиттерге орналастыру немесе депозиттердің негізгі сомасын қайтару жөніндегі операциялар жүргізілгеннен кейін қалыптастырылатын депозиттердің орналастырылған сомаларын қоспағанда, күн сайын қалыптастырылады және мемориалдық ордерлердің қосымшасы болып табылады.

12. "Бас-журнал" кітабында бюджеттердің атқарылуын бюджеттік есепке алудың қосалқы шоттары бойынша хронологиялық және жүйелік жазбалары біріктіріледі.

Жаңа қаржы жылына арналған кітапты ашу кезінде бірінші жол бойынша өткен жылғы қосалқы шоттар бойынша қалдықтар сомасы жазылады. Баланс активінің сомалары дебетке, ал пассив сомалары - кітаптың тиісті қосалқы шоттар кредитіне жазылады.

Жекелеген қосалқы шоттар бойынша жылдың басындағы қалдықтар талдамалы есепке алу тіркелімдерінде жылдың басындағы жазбаларға сәйкес келуі тиіс.

"Бас-журнал" кітабына жазбалар мемориалдық ордердің және оны толтыруға негіз болып табылатын, оған қоса берілген құжаттардың негізінде жүргізіледі.

"Бас-журнал" кітабында бір айдағы айналымдардың жалпы қорытындысы есептеледі және барлық қосалқы шоттар бойынша келесі айдың басындағы дебет немесе кредит қалдықтары шығарылады.

"Бас-журнал" кітабында шығарылған қосалқы шоттар бойынша сомалар негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қоятын ағымдағы қаржы жылының 1 шілдедегі және есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша баланс жасалады.

Алдағы жылға арналған есепке алу тіркелімдері ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірілмей дайындалады.

Мемлекеттік қазынашылық балансында бірыңғай қазынашылық шотындағы, республикалық және жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, сыртқы қарыздар шотындағы, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, нысаналы қаржыландыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, Арнаулы мемлекеттік қордың, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық қолдау операторларының, мемлекеттік сатып алу, пилоттық жобаны іске асыру бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің, дербес білім беру ұйымдарының, бюджеттік кредиттердің, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, шетел валютасының шоттарындағы, анықтауға дейінгі сомалар шоттарындағы, бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы, есеп айырысулардағы ақша бойынша, жергілікті бюджет жетіспеушіліктері бойынша, Ұлттық Банктің депозиттеріне, Ұлттық почта операторында және (немесе) екінші деңгейдегі банктерде орналастыру бойынша шоттардағы ақша қалдықтары көрініс табады.

Жергілікті бюджеттердің атқарылу балансында тиісті жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық қолдау операторларының, мемлекеттік сатып алу, тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы және жергілікті бюджеттің жетіспеушіліктері бойынша шоттардағы, сыртқы қарыздар бойынша шоттағы ақшаның қалдықтары көрініс табады.

Баланс жасалғанға дейін синтетикалық есепке алу шоттары бойынша айналымдармен және қалдықтармен бірге талдамалы шоттар бойынша айналымдар мен қалдықтарды салыстырып тексеру жүргізіледі.

№ 2 нысан бойынша Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қозғалысы туралы есепте есепті кезеңдегі ақша түсімдері мен шығындары көрсетіле отырып, ақшаның жыл басындағы және есепті кезеңнің соңындағы қалдықтары көрсетіледі.

13. Ағымдағы қаржы жылында есепке алу тіркелімінің жазбаларынан табылған қателерді түзету мынадай тәртіппен жүргізіледі:

мемориалдық ордердің өзгеруін талап етпейтін балансты ұсыну сәтіне дейінгі осы есепті кезең үшін табылған қате сызылған, жазуларды оқуға мүмкіндік беретіндей етіп, сызылғанның үстіндегі жаңа дұрыс сомаларды және мәтінді жазу арқылы дұрыс емес сомаларды және мәтінді жіңішке сызықпен сызу жолымен түзетіледі. Әрбір түзету, түзетілген күні көрсетіле отырып, жауапты тұлғалардың қолдарымен расталады;

мемориалдық ордерде кеткен қатенің нәтижесінде балансты ұсыну сәтіне дейін табылған қате жазба қосымша мемориалдық ордермен түзетіледі. Баланс ұсынылып қойған есепті кезеңдегі есепке алу жазбаларында қателер табылған кезде олар да осы сияқты түзетіледі.

14. Есепті жыл аяқталғанда есепке алу тіркелімдерінде балансты жасаудың алдында қосалқы шоттар бойынша айналымдардың қорытындылары саналады және салыстырылады.

4-тарау. Бастапқы құжаттарды, есепке алу тіркелімдерін және бюджеттердің атқарылуы жөніндегі есептерді сақтау

15. Әрбір есепті ай аяқталған соң барлық мемориалдық ордерлер оған қатысты құжаттармен бірге хронологиялық тәртіппен брошюрланады. Құжаттар беттерінің саны елеусіз болған жағдайда құжатты бір жинаққа брошюрлауға жол беріледі.

Мұқаба сыртында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның атауы, жинақтың (істің) атауы мен реттік нөмірі, есепті кезең – жылы мен айы, мемориалдық ордерлердің бастапқы және соңғы нөмірлері, істегі парақ саны көрсетіледі.

16. Бастапқы құжаттардың, есепке алу тіркелімдерінің, бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептердің сақталуын, оларды архивке ресімдеу және берілуін бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік есепке алу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы қамтамасыз етеді.

Ағымдағы қаржы жылына арналған құжаттар мен тіркелімдер өткен жылғы құжаттардан бөлек сақталуы тиіс.

Бастапқы құжаттарды, қағаз және электронды тасығыштардағы тіркелімдерді, бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептерді, есепке алу деректерін электронды өңдеу бағдарламалары, олардың есептеулерін, басқа да құжаттарды сақтау, сонымен қатар оларды архивке өткізу Қазақстан Республикасының "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5-тарау. Бюджеттік есепке алу шоттарының жоспары

17. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу үшін осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес шоттар жоспарын қолданады.

18. Республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару операциялары жөніндегі шоттар корреспонденциясы осы Қағидаларға 22 және 23-қосымшаларда көзделген.

6-тарау. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу тәртібі

19. 1 "Ақшалай қаражат" шотында ұлттық және шетел валютасындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

1-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

100 "Бірыңғай қазынашылық шоты";

110 "Есеп айырысудағы ақша";

120 "Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шоттар"

20. 100 "Бірыңғай қазынашылық шоты" қосалқы шотында аударым операцияларын орталықтандырып жүзеге асыру және олардың есебін жүргізу үшін Ұлттық Банкте мемлекеттік қазынашылыққа ұлттық валютада ашылған Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қозғалысы жөніндегі операциялар есепке алынады.

Бірыңғай қазынашылық шотынан ақша түскен кезде 600 қосалқы шоттың дебеті және 100 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Бірыңғай қазынашылық шотынан ақшаны есептен шығару 100 қосалқы шоттың дебеті және 500 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

21. 110 "Есеп айырысудағы ақша" қосалқы шотында бірыңғай қазынашылық шотынан ұлттық валютадағы жетіспеушілік ақша сомалары есепке алынады.

Бірыңғай қазынашылық шотынан анықталған жетіспеушілік ақша сомалары 100 қосалқы шоттың дебеті және 110 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бірыңғай қазынашылық шотынан жетіспеушілік ақша сомаларын өтеу 110 қосалқы шоттың дебеті және 100 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

22. 120 "Шетел валюталарының түрлері бойынша корреспонденттік шоттар" қосалқы шотында Ұлттық банкте мемлекеттік қазынашылыққа ашылған корреспонденттік шоттардағы шетел валютасындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Есепке алуда шетел валютасының түсімдері және жұмсалуды жөніндегі операцияларды көрсету Ұлттық банктің үзінді-көшірмесі негізінде жүргізіледі.

Шетел валютасы корреспонденттік шотқа түскен кезде 400, 410, 420, 430, 440 қосалқы шоттарының дебеті және 120 қосалқы шоттың кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Корреспонденттік шоттан шетел валютасын аудару 120 қосалқы шоттың дебеті және 400, 410, 420, 430, 440 қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

23. 2 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, Ұлттық почта операторында және (немесе) екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған қаражат" шотында Ұлттық Банктегі, Ұлттық почта операторында және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерде орналастырылған бірыңғай қазынашылық шотындағы уақытша бос бюджет ақшасы есепке алынады.

2-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

210 "Бірыңғай қазынашылық шотынан орналастырылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі, ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер";

24. 210 "Бірыңғай қазынашылық шотынан орналастырылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі, ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер" қосалқы шотында мемлекеттік қазынашылықтың Ұлттық Банктегі, ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастырған уақытша бос бюджет ақшасы есепке алынады.

Бірыңғай қазынашылық шотынан Ұлттық Банктегі, ұлттық пошта операторындағы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге ақшаны орналастыру 100 "Бірыңғай қазынашылық шоты" қосалқы шоттың дебеті және 210 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

25. 3 "Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және ұлттық валютадағы басқа шоттар" шотында республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында, сыртқы қарыздар бойынша шоттарда, ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың, Ұлттық қордың, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, Арнаулы мемлекеттік қордың, тиісті саланың орталық және (немесе) жергілікті уәкілетті органдарының, нысаналы қаржыландырудың, сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржылық қолдау операторларының, мемлекеттік сатып алудың, пилоттық жобаны іске асыру бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің, дербес білім беру ұйымдарының, бюджеттік кредиттердің, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында, анықтағанға дейінгі сомалар шотында және бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің депозиттері бойынша сыйақы шотында, сондай-ақ уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар шотында ұлттық валютадағы ақша қозғалысы есепке алынады.

3-шот мынадай қосалқы шоттарға бөлінеді:

300 "Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

301 "Жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот";

- 303 "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 304 "Республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 305 "Жергілікті бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 307 "Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастау қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 308 "Мемлекеттік сатып алу қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 309 "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 310 "Республикалық бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 311 "Жергілікті бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 320 "Республикалық бюджеттің қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 321 "Жергілікті бюджеттің қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 330 "Республикалық бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 331 "Жергілікті бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 340 "Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 350 "Нысаналы қаржыландыру қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 360 "Соманы анықтауға дейінгі шот";
- 370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің депозиттері бойынша сыйақы шоты, сондай-ақ уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар шоты";
- 372 "Қаржылық қолдау операторларының қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 373 "Мемлекеттік емес қарыздардың қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 374 "Ұлттық валютада қызмет көрсетудің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 377 "Пилоттық жобаны іске асыру бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 378 "Арнаулы мемлекеттік қордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты";
- 379 "Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органдарының қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

381 "Тиісті саланың орталық уәкілетті органдарының қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

382 "Ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың сыртқы қарызының қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

383 "Дербес білім беру ұйымдарының қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

384 "Бюджеттік кредиттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

385 "Мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты";

390 "Түсімдердің жинақтау шоты".

26. "Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" 300 қосалқы шотында республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына түскен түсімдер 300 қосалқы шотының дебеті және 390 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы бөлінбеген түсімдер сомасы 300 қосалқы шотының дебеті және 360 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы кассалық шығыстарды қалпына келтіру 300 қосалқы шоттың дебеті және 500 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүргізілген шығыстар 500 дебеті және 300 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

27. 301 "Жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ашылған жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына түсімдер 301 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі. Артық (қате) төленген бюджетке төленетін түсімдер сомасын қайтару 600 қосалқы шоттың дебеті және 301 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында кассалық шығыстарды қалпына келтіру 301 қосалқы шоттың дебеті және 500 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Жергілікті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүргізілетін шығыстар 500 дебеті және 301 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

28. 302 "Сыртқы қарыздар бойынша шот" қосалқы шотында сыртқы қарыздар бойынша ақша қозғалысы есепке алынады.

Сыртқы қарыздар бойынша шотта ақша түсімі 302 қосалқы шоттың дебеті және 610 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Сыртқы қарыздар бойынша шотта қарыздар қаражатын жұмсау 510 қосалқы қосалқы шоттың дебеті және 302 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

29. 303 "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 303 қосалқы шоттың дебеті және 390 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан аудару 500 қосалқы шоттың дебеті және 303 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

30. 304 "Республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 304 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ақшаның жұмсалуды 500 қосалқы шоттың дебеті және 304 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

31. 305 "Жергілікті бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында жергілікті бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 305 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында қаражаттың жұмсалуды 500 қосалқы шоттың дебеті және 305 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

32. 307 "Сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің сыртқы қарызы немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына ақша түсімдері 307 қосалқы шотының дебеті мен 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Сыртқы қарыз немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарынан ақшаның жұмсалуды 500 қосалқы шотының дебеті мен 307 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

33. 308 "Мемлекеттік сатып алу қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында мемлекеттік сатып алу шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Мемлекеттік сатып алу шотына ақша түсімі 308 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік сатып алу қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қаражаттың жұмсалуды 500 қосалқы шоттың дебеті және 308 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

34. 309 "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 309 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотында қаражаттың жұмсалуды 500 қосалқы шоттың дебеті және 309 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

35. 310 "Республикалық бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің тауарларын (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден және республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған олардың есебінен ақылы қызмет қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында шығыстарын жүргізуден түскен ақша қозғалысы есепке алынады.

Республикалық бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша түсімі 310 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ақшаның жұмсалуды 500 дебеті және 310 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

36. 311 "Жергілікті бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің тауарларын (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізуден және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған олардың есебінен ақылы қызмет қолма-қол ақшаны бақылау шотының шығыстарын жүргізуден түскен ақша қозғалысы есепке алынады

Жергілікті бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімдері 311 қосалқы шоттың дебеті және 601 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Жергілікті бюджеттің ақылы қызметтерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ақшаның жұмсалуды 501 қосалқы шоттың дебеті және 311 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

37. 320 "Республикалық бюджеттің қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Республикалық бюджеттің қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімдері 320 қосалқы шотының дебеті мен 600 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджеттің қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ақшаның жұмсалуды 500 қосалқы шотының дебеті және 320 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

38. 321 "Жергілікті бюджеттің қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Жергілікті бюджеттің қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 321 қосалқы шотының дебеті және 602 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Жергілікті бюджет қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ақшаның жұмсалуды 502 қосалқы шотының дебеті мен 321 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

39. 330 "Республикалық бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған ақшаны уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Республикалық бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 330 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ақшаның жұмсалуды 500 қосалқы шоттың дебеті және 330 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

40. 331 "Жергілікті бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған ақшаны уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Жергілікті бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 331 қосалқы шоттың дебеті және 603 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Жергілікті бюджеттің ақшасын уақытша орналастыру қолма-қол ақшаны бақылау шотынан ақшаның жұмсалуды 503 қосалқы шоттың дебеті және 331 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

41. 340 "Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімдері 340 қосалқы шоттың дебеті және 390 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотында жүргізілген түсімдер сомаларын аудару 500 дебеті және 340 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

42. 350 "Нысаналы қаржыландыру қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерге ашылған нысаналы қаржыландыру қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Нысаналы қаржыландыру қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 350 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Нысаналы қаржыландыру қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қаражаттың жұмсалуды 500 қосалқы шоттың дебеті және 350 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

43. 360 "Анықтауға дейінгі сомалар шоты" қосалқы шотында анықталмаған және бөлінбеген түсімдер шотындағы ұлттық валютадағы ақша есепке алынады.

Танылмаған және бөлінбеген шоттан түсімдерді қолма-қол ақшаны бақылау шоты арасында қайтару 300, 301, 340, 310, 311, 320, 321, 330, 331 қосалқы шоттарының дебеті және 360 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

44. 370 "Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 370 қосалқы шоттың дебеті және 390 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүргізілген шығыстар 500 қосалқы шоттың дебеті және 370 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

45. 371 "Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің депозиттері бойынша сыйақы шоты, сондай-ақ уақытша бос бюджет ақшасын

депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар шоты" қосалқы шотында Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына сыйақы шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің депозиттері бойынша сыйақы шоты, сондай-ақ уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар шоты ақша түсімдері 371 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

Бірыңғай қазынашылық шотындағы ақша қалдығына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің депозиттері бойынша сыйақы шоты, сондай-ақ уақытша бос бюджет ақшасын депозиттерге орналастырудан алынған сыйақылар шоты шотынан аудару 390 дебеті және 371 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

46. 372 "Қаржылық қолдау операторларының қолма-қол ақшаны бақылау шоты" қосалқы шотында қаржылық қолдау операторларының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы есепке алынады.

Қаржылық қолдау операторларының қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша түсімі 372 қосалқы шоттың дебеті және 600 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

